

Мұсабек А

Мүсіров А

**ЖЕДЕЛ ІЗДЕСТІРУ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
БАСҚА ОРГАНДАРМЕН
БАЙЛАНЫСЫ**

- ◎ Жедел-ізвестіру қызметі - азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті қорғау, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің қылмысты қол сұғуынан, сондай-ақ барлау-бүлдіру әрекетінен қоғам мен мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Заңға, Қазақстан Республикасының басқа да заңдары мен қалыптық құжаттарына сәйкес жүзеге асыратын жария және жасырын жеделізвестіру, ұйымдық және басқару шараларының ғылыми негізделген жүйесі.

- ◎ **Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдар**

- ◎ 1. Қазақстан Республикасы аумағында жедел-іздестіру қызметін:
 - ◎ 1) ішкі істер органдары;
 - ◎ 2) ұлттық қауіпсіздік органдары;
 - ◎ 3) сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган;
 - ◎ 4) Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары;
 - ◎ 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет;
 - ◎ 6) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі;
 - ◎ 7) экономикалық тергеу қызметі жүзеге асырады.

Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың міндеттері:

- а) жеке және заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін, меншікті, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау, оның экономикалық және қорғаныс әлуетін нығайту үшін өз құзыретіне сәйкес қажетті шараларды қолдануға;

Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың міндеттері:

- жедел-іздестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру арқылы қылмыстарды анықтауды, олардың алдын алуды және жолын кесуді, олардың нәтижелерін қылмыстық процесте пайдалану үшін тіркеуді қамтамасыз етуге, тергеушінің өзі тергейтін қылмыстық істер бойынша жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу туралы жазбаша тапсырмаларын орындауға;

Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың міндеттері:

- прокурордың жедел-іздестіру қызметінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру барысында берген жазбаша нұсқауларын орындауға;
- қылмыстық іс бойынша жасырынған сотталушыны және азаматтық іс бойынша жауапкерді, атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерді, сондай-ақ жазасын өтеуден немесе пробациялық бақылаудан жалтарып жүрген адамды іздестіру туралы сот актілерін орындауға;

Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың міндеттері:

- ◎ қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қатер төнгенін дәлелдейтін өздеріне белгілі болған жәйттер мен деректерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына дер кезінде хабарлауға;

Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың міндеттері:

- құқықтық көмек туралы шарттар (келісімдер) негізінде тиісті халықаралық құқық қорғау ұйымдары мен шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының тілектерін орындауға;
- жедел-іздестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде, сондай-ақ жүргізілген жедел-іздестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін көрсететін материалдарды қылмыстық процесте пайдалану үшін беру кезінде құпиялылықты қамтамасыз ету және ақпарат көздерінің құпиясын ашуға жол бермеу жөніндегі қажетті шараларды қолдануға міндетті.

қызыметін жүзеге асыратын органдардың құқықтары:

- ◎ **Жедел-іздестіру қызыметін жүзеге асыратын органдардың құқықтары**
Жедел-іздестіру қызыметі туралы Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ Заңының 8-бабында көрсетілген.

Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдар

қызметкерлерінің жауапкершілігі:

- 1. Жедел-іздестіру шараларын жүргізу кезінде құқыққа қарсы әрекеттерге жол берген қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.
- 2. Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдар іс-әрекеттерімен келтірген залалды өздері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өтейді.

Қазақстан Республикасының
жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы
органдары:

- ◎ - өздерінің алдарында тұрған міндеттерді дербес, бір-бірімен өзара іс-қимыл жасап, мемлекеттік, қоғамдық және өзге ұйымдардың мүмкіндігін, сондай-ақ азаматтардың жәрдемін пайдалана отырып шешеді;
- ◎ - осы органдардың құзыретіне қатысты қылмыстық әрекеттердің мәлім болған деректері туралы бірін-бірі хабардар етіп отыруды қамтамасыз етеді және өзара қажетті көмекті көрсетеді.

Құпия көмекшілер

- ◎ құпия көмекшілер - жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органмен құпия негізде (оның ішінде келісімшарт бойынша) қызмет істеуге келісімін берген, сол сияқты осы органмен бұрын өзінің келісімі бойынша ынтымақтастықта болған, он сегіз жасқа толған, іс-әрекетке қабілетті жеке тұлғалар;





ЭТОМУ ИСТОЧНИКУ
МОЖНО ВЕРИТЬ





Штаттағы жасырын қызметкер:

- штаттағы жасырын қызметкер – лауазымдық міндеттеріне жедел-ізвестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін астыртын түрде жүргізу кіретін жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органның жұмыскері;



